

## Осакаров ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру учаскесінде 1993 жылы туған азаматтарға тіркеу өткізу туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімінің 2009 жылғы 26 қарашадағы N 01 шешімі. Қарағанды облысы Осакаров ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 22 желтоқсанда N 8-15-114 тіркелді

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17 бабына сәйкес "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33 бабының 1 тармағы 13 тармақшасының, 2006 жылғы 5 мамырдағы N 371 Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы Ережесін бекіту туралы" қаулысының 13 тармағына, 2006 жылғы 31 наурыздағы N 226 Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу Ережесін бекіту туралы" қаулысының 3 бөліміне сәйкес **ШЕШЕМІН** :

1. Тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарға Осакаров ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру учаскелерінде 2010 жылдың қаңтар - наурыз айларында тіркеу жүргізілсін.

2. Осы шешімінің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Оспанов Ш ө п п а й ғ а жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Осакаров ауданының әкімі*

*Р. Әбдікерев*